

Тақырыбы:

«Жасыл зертхана»
(тәжірибелік іс-әрекет)

Өткізген: Абдрахманова М.Х

2024 жыл

Тақырыбы: «Жасыл зертхана»

Міндеті: Балаларға табиғат бұрышындағы тіршілік жайлы түсінік беру. Жұмбақтарды шешу арқылы ойлау, тәжірибе жасау арқылы қабылдау қабілеттерін, сөздік қорын дамыту. Өсімдікті отырғызудың, күтіп – баптаудың жолдарын көрсете отырып, өсімдіктерді өсіруге оларды күтіп – баптауға талпындыру. Жанашырлыққа, достыққа тәрбиелеу. Көрекі – құралдар: Табиғаттың суреттері. Пияз, суқұйғыш, топырақ салынаған ыдыс. Билингвальді компонент: Табиғат – природа. Пияз – лук.

Шаттық шеңбері: Сәлем саған алтын күн!

Сәлем саған көк аспан!

Сәлем саған жер ана!

Сәлем саған достарым!

Негізгі бөлім:

Миға шабуыл: -Балалар, мен сендерге бір ғажайып қорапшаны ала келдім. Бұл қорапшаның ішіндегінің атын тапсаңдар, біздің бүгінгі тәжірибеміз соған байланысты болады. Ол не екен, кім таба алады?

-Балалар, жұмбақ шешейік.

Жұмбақ:

Қалың киімді ұнатады,

Шешіндірсең жылатады. (Пияз)

Ұрмай соқпай жылатады.

Әркім бірақ ұнатады.

Ол не? (Пияз)

-Дұрыс айтасыңдар. Бұл пияз.

Балалар, сендерге мен тағы пияз туралы тақпақ айтып берейін.

Асханадан шықпаймын,

Атым – пияз бұқпаймын.

Көзден жасты шығарып,

Тұмаудан бірақ сақтаймын.

Пияздың құрылымы: Балаларға слайд арқылы пияздың құрылымын көрсету.

1.Шашак тамыр.

2.Пиязшық.

3.Өскін.

4.Ішкі шырынды жапырақтары.

5. Сыртқы кебу қабыршықтар.

Пияз отырғызу» тәжірибесі:

-Балалар, қазір біз пиязды отырғызамыз. Пиязды отырғызбастан, бірнеше күн бұрын суға салып тамырландырып аламыз. Пияздың басқа өсімдіктердегі сияқты тамыры, жапырағы болады. Пияздың жоғарғы жағында кішкентай жасыл өскін болады, сол өскінді жоғары қаратамыз. Пиязды топырағы бар ыдысқа тамырын төмен қаратып отырғызамыз. Пиязды отырғызған соң суқұйғышпен су құямыз. Кез-келген өсімдіктің өсіп өнуіне қажетті топырақ, су, жарық керек. Пияз бақшада жиектерде өседі. Ұзын жасыл жапырақтар. Пиязда оларды қауырсын немесе жебе деп атайды, өйткені олар ұқсас. Барлық негізгі дәрумендер жебелерде арнайы жинақталған, сондықтан жасыл пиязды жеу өте маңызды. Пияздың құрамында С тобының дәрумендері бар. Бұл дәрумендер ағзаны түрлі аурулардан, әсіресе суық тию мен тұмаудан қорғайды.

Біз бүгін жақсы жұмыс жасадық.

- Пияз, бұл көкөніс пе, әлде жеміс пе? (көкөніс).

- Пияздың қауырсындары қандай түсті? Олар пияздың жоғарғы жағында өседі. Пияздың да тамыры бар, ол көптеген жіңішке (жіпшелер). Тамырлар төменнен өседі. Саусақтарыңызбен шыңдар қайда, тамырлар қайда екенін көрсетіңіз?

Пияздың тамыры не үшін қажет екенін кім біледі? (су ішу).

- Пияз қайда отырғызылады? (көкөніс бақшасында).

Пиязды өзімізде жақсы өсуі үшін оны қайда қоямыз? (Терезе алдына).

Дұрыс, күнге жақынырақ. Біз пиязды қалай күтеміз?

Біз пияздың қалай өсетінін бақылайтын боламыз.

-Жарайсындар, балалар.

Қорытынды бөлім:

-Балалар, пияз бақшада жүйектерде өсетінін, оған да басқа өсімдіктер сияқты топырақ, су, жарық қажет екенін тәжірибе жасау арқылы білдік.

Сұрақ – жауап:

-Біз нені қарастырдық? (Пияз).

-Бұл не: қатты немесе жұмсақ? (Қатты).

-Пияздың дәмі қандай? (Ащы).

-Пиязды қалай дұрыс отырғызу керек? (Төменнен төмен)

-Жасыл желектің өсуі үшін не қажет? (Су және жарық).

-Балалар, бүгінгі іс- әрекетіне қатысқандарыңа рахмет.

